

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТИ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
имени Гумарбека Даукеева
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

«28» мамыр 2022 ж./г.

№ 10

**АЭЖБУ түлектері қауымдастығы
Қамқоршылар кеңесінің отырысы**

Алматы қ.

АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесі мәжілісінің өтетін орны: Алматы қаласы, Байтұрсынұлы көшесі 126/1, «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ, «А» ғимараты.

Қамқоршылар кеңесі мәжілісінің өтетін уақыты: 2022 жылдың 28 мамыры сағ. 13:00.

Қамқоршылар кеңесінің мүшелері: 16 адам

Қатысқандар – қамқоршылар кеңесінің дауыс беру құқығы бар 10 мүшесі.

1. Аскар Кежекович Искаков, АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің төрағасы, "Zhersu" корпорациясы төрағасының, Бақылау кеңесінің кеңесшісі;
2. Серик Суинбекович Тютеебаев, АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің төрағасының орынбасары, «Самрук-Энерго» АҚ басқарушы директоры;
3. Борис Владимирович Артеменко, «Завод Электрокабель» ЖШС Бас директорының кеңесшісі;
4. Оразбек Тельбайұлы Бекбас, «Қазақстандық салалық энергетиктер кәсіподағы» ҚБ төрағасы;
5. Серик Ахметович Калиев, ЖЭО – 2 Директоры;
6. Жаймухан Максutowич Медетов, «ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ бас директоры;
7. Айдар Чарлизович Беркимбаев, «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС бас директоры;

000545

8. Өмірүзақ Қенжебекұлы Кенжебеков, криптотрейдер;
9. Антон Олегович Комлев, «Либерти Групп» ЖШС бас директоры;
10. Мадидин Шингисханович Агыбаев, «RIZA GLOBAL» ЖШС техникалық директоры.

Шақырылғандар: «Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серикбек Жусупбекович Дәукей.

АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Асқар Кежекұлы Ысқақов күн тәртібін жариялады. Жиналым бар

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Түлектер қауымдастығы Қамқоршылар кеңесінің 2021/22 оқу жылындағы қызметінің қорытындылары және қор қаражатының жұмсалуды туралы.
Баяндамашы - Г.С. Смагулова, ҚК жауапты хатшысы.
2. 2022/23 оқу жылына қауымдастық қорын құру туралы.
Баяндамашы - Г.С. Смагулова, ҚК жауапты хатшысы.

I. Түлектер қауымдастығы Қамқоршылар кеңесінің 2021/22 оқу жылындағы қызметінің қорытындылары және қор қаражатының жұмсалуды туралы мәселесі бойынша

Бұл мәселе бойынша АЭЖБУ АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Галия Сериковна Смагулова сөз сөйледі, ол бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес төмендегі шаралардың орындалғанын атап өтті:

Қамқоршылар кеңесінің екі отырысы өткізіліп, келесі мәселелер қаралды:

I. Есептік кезеңде ақшалай қаражатты бөлу:

1. АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің 2021 жылғы 20 қазандағы (№ 8 хаттамасы) шешіміне сәйкес келесі студенттерге атаулы стипендия төленді:

1. 6B07101-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының ЭЭу-19-10 тобының 3-курс студенті Дижан Бауыржанұлы Рахманға бас директоры Каршегенов Алтынбек Тулеугалиевичтің қолдауымен «Степногорск энергокешен» ЖШС атынан атаулы стипендия.

2. 6B07101 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының ЭЭк-20-6 тобының 2-курс студенті Бақытжан Сұлтанұлы Абдуалиға Байқау кеңесі төрағасының кеңесшісі/Басқарма төрағасының даму жөніндегі орынбасары, АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Искаков Асқар Кежекөвич қолдауымен «ZHERSU» БАИ атаулы стипендиясы, 250 000 теңге. Екінші жыл бірге жүреді.

3. 5B071800 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының ЭСХ-18-3 тобының 4-курс студенті Ермұхамет Нұржанұлы Құсайынға криптотрейдер Өмірзақ Кенжебекұлы Кенжебеков атынан 250 000 теңге мөлшеріндегі атаулы стипендия.

4. 6B07108 – «Автоматтандыру және басқару» ББ Аук-20-3 тобының 2-курс студенті Әділет Әзімбекұлы Қожатайға криптотрейдер Өмірзақ Кенжебекұлы Кенжебеков атынан атаулы стипендиясы. Мөлшері 250 000 теңге.

5. 6B06102 – Ақпараттық жүйелер мамандығының ИСК-20-4 тобының 2-курс студенті Ерболат Бахтиярұлы Абдуалиға криптотрейдер Өмірзақ Кенжебекұлы Кенжебеков атынан атаулы стипендиясы. Мөлшері 250 000 теңге.

6. 5B100200 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі мамандығының СИБК-18-1 тобының 4-курс студенті Асылбек Әсарыұлы Әділсарыға криптотрейдер Өмірзақ Кенжебекұлының Кенжебеков атынан атаулы шәкіртақысы. Көлемі 250 000 теңге.

7. 5B060200 – Информатика мамандығының ИНФК-18-1 тобының 4-курс студенті Сая Саматқызы Алтымбаеваға «Қазэнергопрофсоюз» ҚБ төрағасы Бекбас Оразбек Телбайұлы атынан атаулы стипендиясы. Мөлшері 250 000 теңге. (үшінші жыл қатарынан жүреді, бір студент шығарылса, екіншісі босатылды)

8. Ақпараттық технологиялар институтының АҚЖ 2-курс студенті Әділ Дулатұлы Қалиевке Дәукей Серікбек Жүсіпбекұлы атындағы атаулы стипендиясы. Мөлшері 250 000 теңге. Екінші жыл бірге жүреді.

9. 6B06201 - Радиотехника, электроника және телекоммуникация білім беру бағдарламасының РЭТК-19-3 тобының 3-курс студенті Ерболатова Аружан Байғалиқызына «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ техникалық шарттар басқармасының бастығы Гульнара Батжановна Исабекова атынан атаулы стипендия. Мөлшері 250 000 теңге. Екінші жыл бірге жүреді.

10. 6B06102 - Ақпараттық жүйелер мамандығының ИС-20-3 тобының 2-курс студенті Айдар Айдарович Тажиметовке «ҚазэнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ институты» АҚ бас директоры Жаймухан Максutowич Медетов атынан атаулы стипендия. Мөлшері 250 000 теңге. Екінші жыл бірге жүреді.

4.1. «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасының үшінші курс студенті Нұраида Нұрланқызы Курмановаға **Булат Джантемирович Хисаров** атындағы стипендия бекітілді. Стипендияның құрылтайшысы - Жылу энергетикалық қондырғылар кафедрасының меңгерушісі, АЭЖБУ профессоры, АЭИ түлегі Андрей Анатольевич Кибарин, мөлшері 250 000 теңге.

Атаулы стипендиялардың құрылтайшылары 8 адам болды.

Атаулы стипендияға іс жүзінде ағымдағы жылдың 1 маусымына – 2 200 000 теңге төленді, тағы маусым, шілде айларында – 550 000 теңге төлейміз, қорда қаражат бар.

Әлеуметтік қолдау

2.1. Қамқоршылар Кеңесі төрағасының атына Ғылым және коммерцияландыру департаментінен магистрант және Ғылым және коммерцияландыру департаментінің инновациялық қызмет жөніндегі маманы **Айдана Сакеновна Ильясованың** «Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада оқу ақысын төлеу мүмкіндігін өндіріп алу туралы қызметтік жазба келіп түсті. Оқу жылының құны 800 000 (сегіз жүз мың) теңгені құрайды. Болашақта келісімшарт бойынша үш жыл жұмыс істеуге қалады.

Мәселе талқыланғаннан кейін **Кеңес ШЕШТІ:**

Қамқоршылар Кеңесі түлектерінің қауымдастығы қорынан 800 000 (сегіз жүз мың) теңге төленсін, осымен қатар Айдана университеттегі оқу құнына жеңілдіктер беру жөніндегі комиссияға өтініш берген екен, нәтижесінде 30% жеңілдікке ие болған, осыны ескере отырып, біз оның оқуы үшін қордан 800 мың теңге емес, 560 мың теңге төледік. Бұйрық шығарылды, тиісті сома төленді.

2.2. Қамқоршылар Кеңесі төрағасының атына Ақпараттық технологиялар институтының директоры Әлия Амантайқызы Досжановадан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне және Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «**SU Game Jam 2021**» компьютерлік ойындарды әзірлеушілердің жыл сайынғы бірінші Республикалық фестивалінде **I орын** алған ИНФ-18-2 тобының 4-курс студенті **Андрей Чернышовты** көтермелеу туралы қызметтік жазба келіп түсті, фестиваль 3-6 желтоқсан аралығында Satbayev University -де өткен болатын.

Мәселе талқыланғаннан кейін, **Кеңес ШЕШТІ:**

Түлектер қауымдастығы қорынан 100 000 теңге төленсін. Бұйрық шығарылды. Тиісті сома төленді.

Әлеуметтік қолдау: А.Ильясоваға – 560 000 теңгені, А.Чернышовқа – 100000 теңгені құрады. Жиыны: 660 000 теңге.

Қауымдастық қорынан жұмсалған қаражат жиыны 3 410 000 теңге. Атаулы стипендия және әлеуметтік қолдау.

III. АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің 2021 жылғы 20 қазандағы №8 хаттамасы шешіміне сәйкес Қамқоршылар кеңесінің жаңа мүшесі бекітілді:

Мади Шингисханович Агыбаев, «RIZA GLOBAL» ЖШС техникалық директоры.

IV. Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және кадрларды, серіктестерді Тапсырыс беруші кәсіпорындардың қатысуымен жетілдіру перспективаларын қарастыру.

Қаулы етті: Барлық білім беру бағдарламалары ОӘД жүйесіне кіреді, сараптамадан өтеді, жетекші компаниялармен келісіледі, бағдарламалар мен силабустар бітіртуші кафедралардың отырыстарында талқыланады. Ақпарат назарға алынды.

IV. АЭЖБУ түлектерін кейіннен жұмысқа орналастырумен практикадан өткізу мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандарға

қажеттілігін мониторингілеу.

Академиялық мәселелер департаментінің директоры Руфина Ринатовна Мұхамеджанова атап өткендей. «Біз Бос орындар санының жалпы азаюын көріп отырмыз. Бұдан басқа, бізде жұмыс берушілердің кандидаттарға қоятын талаптарының жоғары екендігі жайлы ескі проблема сол күйінде қалды; жұмыс берушілердің жас мамандарға деген қызығушылығының төмендеуі байқалады, бұл жалпы еңбек нарығының «қызып кетуін» білдіреді. Бұл проблемалардың шешімдері бар. Біз білім алушыларды оқу процесіне және ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуға тарту үшін жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың жаңа жолдарын іздеуіміз керек. Қосымша MINOR білім беру бағдарламалары (сертификат беру арқылы) студенттердің оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуына тамаша мүмкіндік береді».

Біз жұмыс берушілерді білім алушылардың оқу процесіне және ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуға тартуға тырысамыз (білім беру бағдарламаларын келісу, өндіріс қызметкерлерін оқу процесіне тарту, МАК-қа қатысу).

Қазір біздің түлектерімізді жұмысқа орналастыру бойынша бірінші орында, біздің жұмыс беруші – «АЛЭС» АҚ, бұл біздің дуальді оқытуды енгізгеніміздің арқасында десек те болады. Осы жылы біз кәсіпорындарымызға практикаға бағдарланған экскурсиялар ұйымдастырдық, мұнда өз компанияларының есігін ашқан жұмыс берушілерімізге алғыс айтқым келеді, бұл компаниялардың көбі жабық объектілер болып табылады, мысалы, Республикалық ғарыштық байланыс орталығы, АлЭС, Қапшағай ЖЭО. Сондай-ақ бізде Schneider Electric, HUAWEI академиясы, National Instruments, «SpaCE —Space, Communications and Engineering» ғылыми-зерттеу орталығы, Honeywell басқару жүйелерін жобалау және енгізу жөніндегі оқу-зерттеу орталығы вендерлерімен үлкен жұмыс жүргізілуде.

Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг өте қызықты тағылымдама бағдарламаларын әзірледі, осы бағдарламалар аяқталғаннан кейін компаниялар ірі жақсы, белсенді, процеске тартылған біздің ең үздік студенттерімізді іріктейді. Бірақ егер тағылымдамадан өтуші жұмыс ұсынысын алмаса да, кез-келген жағдайда - бұл керемет тәжірибе және резюмедегі мүмкіндік.

АлЭС компаниясына, қызметкерлерді даярлау бөлімінің бастығы Сабикенова Жанар Абаевнаға алғысымды білдіргім келеді, ол біздің университетке дуалды оқытуды, сондай-ақ практика мен экскурсияны ұйымдастыруда үлкен қолдау мен көмек көрсетеді.

Негізінен біздің түлектер – "АЛЭС" АҚ, "KASPI BANK" АҚ, "АЭЖБУ" КЕАҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "Алматыжылукоммунэнерго" ЖШС, "Алатау Жарық Компаниясы" АҚ, "INDUSTRIAL CONSTRUCTION GROUP" ЖШС, "Алматы

жылу желілері" ЖШС сияқты мекемелерде жұмысқа орналасады, біз дұрыс бағытта келе жатырмыз. Бұл ақпарат Алматы қаласы бойынша.

С.Ж. Дәукей: кезінде Ғұмарбек Жүсіпбекұлы Қамқоршылар кеңесін құруға бастамашылық жасады, өйткені Қамқоршылар кеңесі іс жүзінде үлкен қолдау көрсете білді, өзі үшін кадрлар даярлауға көмектесті және зертханалар, кафедралар заманауи жабдықтармен жабдықталды, түлектер жұмысқа орналастырылды, себеп - оларды қалайда жұмысқа орналастыру емес, «KEGOC» АҚ өндірісіне сапалы мамандарға деген сұраныстың жоғары болғандығы еді. Дәл солай егер қажет болса, басшылықпен сөйлесіп, оларға қажет болатын сапалы жоғары деңгейдегі мамандар дайындай алатынымызды айту керек. Тәжірибе - ол маңызды мәселе. Кафедралардың жабдықталуы жақсы әрине, дегенмен тәжірибе (практика) - бұл мүлдем басқа нәрсе, тәжірибе тегін болсын, ақылы болсын өз қиындығы бір төбе. Сонда олармен жұмыс істеу керек, олардың даму бағдарламасына қаражат салу үшін бұл жұмысты жандандыру керек. Кадрлар болмай, даму да болмайды, бұл шындық. Егер жақсы дайындалған білікті кадрлар болмаса, онда бұл компанияның тиімділігі де нөлге тең болады.

Ж.С. Абдимуратов: «KEGOC» АҚ-ға келетін болсақ, шынымен де түлектер сонда жұмысқа орналасады, бірақ олар негізінен түлектерді өңірлік электр компанияларында жұмыс істегеннен кейін алуға тырысады, ғылыми бағытқа келетін болсақ, жалпы ынтымақтастық жоғары деңгейде өтуде.

С.С. Сагинтаева: Қамқоршылар кеңесінің құрамында «KEGOC» АҚ өкілдерінің болмағаны, біздің олармен жұмыс істемейміз дегенін білдірмейді, шын мәнінде, ғылыми-зерттеу қызметіне, энергетикалық жүйені цифрландырудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысты үлкен жұмыс жүргізілуде. «KEGOC» АҚ тапсырысы бойынша бұл жобалардың барлығын біздің университет жүзеге асырып отыр. «KEGOC» АҚ-да жұмысқа орналасу бойынша кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі және т. б. бойынша белгілі бір талаптар болуы мүмкін. Серікбек Жүсіпбекұлы, сіздердің барлық ескертулеріңізді міндетті түрде ескереміз, Алмаз Абжалиевич магистрлік білім беру бағдарламалары, бакалавриат бағдарламалары бойынша нақтырақ жұмыс істеу керек, жұмыс берушілермен, сарапшылармен ескертулерді түзетеміз. «KEGOC» АҚ Басқарушы компания болғандықтан, олар бізге практиканы, тағылымдаманы және жұмысқа орналасуды қамтамасыз етуге көмектесуі үшін энергетика саласы үшін кадрлар даярлау бойынша бейінді университет ретінде институционалдық қолдау көрсетті.

А.А. Саухимов: Жалпы, біздің түлектерімізге сұраныстар өте көп, көптеген энергокомпанияларда болдым және электр энергетиктер мен жылу энергетиктерге деген тапшылық туралы ғы поштаға да сұраныстар келді, бірақ мұнда екі мәселе бар. Мысалы Ақтөбе, Степногорск, Атырау сияқты өңірлерден келген біздің

түлектеріміздің барлығы қайтып оралғысы келмейді, өз қалаларына тек оқуға саналы түрде келгендері ғана бітіргенде қайтып кетіп жатады. Сала бойынша жалақы жас мамандар үшін аса қызығушылық танытатындай емес, ал ол сала бойынша даму процесін де тежейді.

С.Ж. Дәукей: Мен тағы бір ескертуді енгіземін: компаниялармен нақты жұмыс істеу - бұл бір нәрсе, менің ойымша, осы отырыста жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық үшін не істеу керектігі туралы Қоғамдық мақаланы іске қосу, мысалдар келтіру қажет.

А.О. Комлев: Мен өз тәжірибеммен бөліскім келіп отыр. Қазір компаниялар жұмыс тәжірибесі бар мамандарды алғысы келеді. Қазір Microsoft трендінде көптеген сатушылар бар, сол сияқты Vorokel, Касперский де қазір ескірген. Біз университетке Siemens, Касперский вендорларымен келдік, жаңа шешімдер болса, бірден сатқысы келеді, барлығы да қаржыландыруға келіп тіреледі.

С.Ж. Дәукей: Бұдан шығу жолын ұсынғым келеді: біздің студенттерді сіздердің жабдықтарыңызбен оқыту керек, сосын олар үйренгендерін нарықта, өндірісте қолданады және қорғайды. Студенттерді сіздердің жабдықтарыңызда сіздердің технологияларыңызбен, сіздердің әдістеріңізбен оқыту қажет! Ақша кейінірек келеді, бұл мультипликативті әсер.

С.С. Сагинтаева: Біз университетте Индустрия 4.0 орталығын құрдық, студенттер түрлі жабдықтарда жұмыс істей алуы үшін 4 бәсекелес вендерлер өзара Siemens, Schneider Electric зертханаларын, HUAWEI академиясын, National Instruments, "SpaCE-Space, Communications and Engineering" ғылыми —зерттеу орталығын құрыған болатын. Бұл жабдық 10 жыл бойы өзекті болады - дейді сатушылар. Huawei академиясы біздің студенттерге сертификаттауды жүргізеді, оқытады, содан кейін емтихан алады, мұнда процесс сәл қиындау, дегенмен соған қарамастан 7 адамның бірінші тобы сертификаттаудан бірінші тапсырғаннан-ақ алды. Біз осы бағытта екі жыл жұмыс істедік, ал кеше Атамекен арқылы біздің айтишниктер сертификаттауды іске қосты, алғашқы емтихандар тапсырылды, нәтижелері жақын арада болады, дипломдармен қатар олар сертификат та алады. Вендерлер бізге өздері келіп жатыр, себебі бізге жабдықтарын ғана сатып қоймай, ертеңгі күні оларда жұмыс істейтін болашақ мамандарды да оқыту керек екендігін де түсінді. Сондықтан біз вендерлермен тығыз жұмыс жасаймыз. Барлық вендерлер өз жабдықтарын 100% тек бізде қояды деп айта алмаймын, дегенмен кейде қайтарымсыз негізде немесе арнайы жобалар бойынша бір бөлігін жеңілдікпен ұсынып жатады. Біз бұл жұмысты жалғастырамыз, ол іске қосылады.

С.Ж.Дәукей: біздің оқу орны техникалық университет болғандықтан, ірі кәсіпорындар немесе жеке меншік компаниялардың өндірістеріне жұмысқа

барады және ол жақта техникалық мәселелерді шешеді. Мысалы, қалалық электр желісі түр делік, ол жұмыс істейді, күн панелі электр энергияны шығарады, қайта кері өңдейді, ал есептегіш екі жақ шығынын есептейді. Қалалық желі өшсе, дизель қосылады, олар бір бірімен түйіспеу үшін күн панелі атоматты түрде өшеді. Бұл жүйені интернетте бір жігіт жасады, VIFI арқылы бәрі автоматты түрде өшеді, қосылады, соңында есептеледі, мен төлеймін немесе төлеймін. Біздің студенттерде мұндай дағды жоқ, неге? себебі біз оқу процесінде компьютерлік, ақпараттық, энергетикалық, жылу-энергетикалық және т.б. барлық салаларда осындай дағдыларды беретін практикалық сабақтарды өткізбейміз, сондықтан бұл бағдарламаны түзету керек, жоғары білім алу керек дейді, Егер Мен оны қалай жасау керектігін білмесем, маған диплом не үшін керек. Қазір барлық осы салаларды дамытуға баса назар аудару керек, тұтынушы жұмыс істеуі керек. Тапсырыс беруші мұны пысықтап, беруі тиіс, бұл университеттің міндеті емес. Университеттің міндеті - осы түлектерді даярлау бойынша қойылған міндеттерді тыңдау және түзету.

А.О. Комлев: Әзірлемелер өте маңызды дүние, мысалы менің жазылғым келеді, себебі қазір көптеген шетелдік компаниялар лицензияларды бәрі жазылып, төленіп қойса да біржақты тәртіпте алып тастайды. Біз Тапсырыс беруші банктермен жұмыс істедік, санкцияларға ұшырадық, лицензияларды алып қойды, олар оған ештеңе істей алмайды, өйткені ол біздің әзірлемелеріміз емес.

А.А. Саухимов: Сіздің сұрағыңызға қосымша ретінде «KEGOC» АҚ-да цифрландыру бағдарламасы шеңберінде біз АРЧМ жүйесін орнаттық, энергетиктер ол туралы біледі. Қазақстандық жалғыз әзірleme болды, біздің балалар 100% әзірледі, алгоритмдерді біз бердік. Қазіргі уақытта бұл жүйе ешқандай тәуекелдерге, валюталық немесе санкцияларға ұшырамайды. Яғни, бұл тәуелсіз жүйе. Өткен жылы бізде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлы болды, онда егер қазір Қазақстан өзінің бағдарламалық өнімдерін әзірлеумен айналыспаса, болашақта біз үнемі Үшінші елдерге тәуелді болатынымыз айтылды.

А.К. Искаков: NR компаниясы бар, ол тұрақты ток желісін құрады. Бұл компанияның болашағы зор, біз негізі 30 жыл артта қалып отырмыз. Зерттеу бөлігі біздің университетке қарағанда 10 есе көп аумақты қамтиды. Жас әзірлеушілер жұмыс істейді. Мен тұрақты ток желісінің жабдықтарын, терминалдардың бесінші буын релелік қорғаныс зертханасын көрдім. Біздің жағдайымыз үшін қолайлы. Олар Шыңжаң автономиялық ауданы үшін толығымен апатқа қарсы автоматиканы жасады. Шыңжаң автономиялық ауданының құрылымы бойынша шамамен Қазақстанның 2/3 құрайды, яғни, дәл солай ең алыс электр желілері, қашықтағы қосалқы станциялар, тұтыну және т.б. ол біздің жағдайымызға сәйкес келеді. Бірқатар бар компаниялар қуат трансформаторларын шығарады. Компаниялар бар,

тек айналысу керек. Олармен жұмыс жасаңыз. Мен оны енгізуді ұсындым, бірлескен зертханалар ашу керек, адамдарды тұрақты ток желісінің жабдықтарында оқыту керек, бұл олар үшін болашақ, бізде ол 1500 кВ-қа салынған болса да, әлі іске қосылмаған.

С.С. Тютөбаев: Электр энергетиканың 2035 жылға дейінгі бағдарламасы жаңартылатын энергия көздеріне (ЖЭК) басты назар аударатын 17 мың МВт-ты енгізу қажет. Бұл болашақ, бұл трендте біз одан ешқайда бармаймыз. Біреу батареяларды, реттеу жүйесін, енді біреуі комбинацияны ойлап тапты: күн-жел-су және батарея. Алматыда газ станцияларын салуға дайындалып жатырмыз, дегенмен көмір станциялары 50-60 жылдарға дейін қалады, 3, 4, 5 - блоктарды қарастырамыз, ал атом станциялары - бұл жаңалық болмақ.

Атом стансасы, ядролық қондырғылар сияқты мамандығымызды жаңғыртуымыз керек. Негізгі назар трубиналарға, технологиялық бөлімдерге, электр қорғаныс дәрежесіне, коммуникацияның қос, үштік қорғаныстарына және жабдықтарға аударылуы керек. Басты бағдарламалық қамту бар Цифрлық қосалқы стансаларда жас мамандарды оқыту керек. Және ең бастысы энергетикадағы экология екенін ұмытпау керек.

С.А. Калиев. Өзімнің еңбек жолымды жылу станцияларынан, Қапшағай станциясының ұшу жобасында, гидроэлектрстанцияларда бастағанмын. Жылу динамикасы мен электр динамикасы заңдары жайында қалған болатын. Біз кейініректе газ электр станцияларын салуға тап болдық, нюанстар бар. Технологиялық, экологиялық, режимдік сипаттағы минимумдар бар екенін білмедік. Турбинаның қалай жұмыс істейтіні туралы жалпы түсінік бар, күн электр станциясына, гидроэлектростанцияға қатысты, тек электриктер ғана қабылданады. Сондықтан негізгі білім беру керек. Жалпы түсіну үшін ЖЭК трендінде газ, атом мамандары сөзсіз керек.

С.Ж. Дәукей: бағдарламаларды түзетіп, барлық маңызды проблемалы мәселелер бойынша бағдарлама дайындау қажет. Бейіндік министрлікті өз жұмыстарымызбен сендіруіміз керек, сол кезде университет ғылыми-зерттеу орталығы бола алады.

О.К. Кенжебек: Кәсіпкерлерде қаражат бар. Біз жақсы тиімді жоба болса қаржыландыруға дайынбыз, егер ол еліміздің дамуына оң нәтиже көрсететін болса, әрқашан қолдаймыз.

А.К. Искаков Қосыламын.

О.Т. Бекбас: Серікбек Жүсіпбекұлының ойымен қосыламын, біз технар-инженерлерді, ал қазір бакалаврларды дайындаймыз. Ол өндіріске келген соң

инженер болады, егер ол жан-жақты дамыған, дүниетанымы да кең болса, ол алдағы уақыттарда кәсіпорын бөлімшесінің басшысы да бола алады. ҚК жауапты хатшысының есебін тыңдағаннан кейін Қамқоршылар кеңесінің 2021/22 оқу жылындағы қызметі қанағаттанарлық деп тану туралы ұсыныс енгіземін.

КЕҢЕС ШЕШТІ:

Атқарылған жұмыс туралы есеп мақұлданды, 2021/22 оқу жылы үшін Қор қаражатын бөлу бойынша есеп қабылданды.

Дауыс беру нәтижелері: жақтаған 10 адам., қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

II. Екінші мәселе бойынша: Қауымдастық қорын құру туралы

Бұл мәселе бойынша АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Галия Сериковна Смагулова сөз сөйледі, ол Қауымдастық қорының жалпы сомасы 2022 жылғы 1 маусымда келесіні құрайтынын атап өтті:

570 000 теңге – бұл еркін, қаражат, соның ішінде:

Заңды тұлғалардың мүшелік жарнасы – 300 000 теңге, бұл «Степногорск Энергокомплекс» ЖШС – 200000 теңге, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – 100000 теңге.

Жеке тұлғалардың мүшелік жарнасы – 270 000 теңге, соның ішінде:

Айдар Чарлизович Беркимбаев – 100 000 теңге, Серик Ахметович Калиев – 100 000 теңге, Мәди Шингисханович Ағыбаев – 70 000 теңге. Мүшелік жарна жиыны – 570 000 теңге. Бұл қаржылар келесі оқу жылына қалдырылады.

Сонымен қатар, «Казэнергопрофсоюз» ЖШС Оразбек Тельбаевич Бекбас, «Степногорск ЖЭО» ЖШС Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов, «АЖК» АҚ Гүльнара Батжановна Исабекова әдетте атаулы стипендияға 300 000 теңге аударатын, ал біз стипендияға жылына 250 мың теңге төледік, сонда 50 мың теңге қалдық қалып отырғанын да атап өткім келеді. Және осылар жоғарыда атап өткен әлеуметтік төлемге жұмсалады.

Сондай-ақ, ҚР БҒМ мемлекеттік стипендия мөлшерін бакалаврлар үшін айына 31 423 теңгеге дейін арттырғанын еске салып өткім келеді. Осыған сәйкес біз де келер оқу жылында атаулы стипендия мөлшерін қайта қарастыруымыз керек сияқты.

Осы жылы екі жетім-студенттеріміз оқуды бітіреді, олар Асылбек Әілсарыұлы Әділсары, Ермухамет Нұржанұлы Құсайын. Нәтижесінде 15 жетім-студенттер қалды.

Жалпы, сіздің қайырымдылықтарыңыз стипендиялық бағдарламаға - Түлектер қауымдастығының стратегиялық жобасына бағытталған, оның мақсаты - таңдаған

Білім саласындағы ғылыми және мансаптық жетістіктерге бағдарланған студенттерді, магистранттарды қолдау.

Қазір біз 2022-23 оқу жылының стипендиялық бағдарламасына қаражат қалыптастырамыз.

КЕҢЕС ШЕШТІ:

1. Ақпарат мәліметке алынсын.

2. Дауыс беру нәтижелері: жақтаған - 10 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Асқар Кежекұлы Ысқақов өзінің қорытынды сөзінде жоғары білікті мамандарды даярлауда, ЖОО-ның өндіріспен байланысын нығайтуда қолдау көрсеткені және жемісті ынтымақтастығы үшін Кеңес мүшелеріне алғысын білдірді, бұл саланың дамуына және еліміздің беделіне ықпал етеді деген сөз.

АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы



А.Искаков

**АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің
жауапты хатшысы**



Г.Смагулова